


12013
42304к

Габыл Құлыяс

Мұға
қоыйылған
бомба



1 2013/42314к

Табыл Құлыяс

MUFA
КОЫЛЕН
ООМОДА

Тандамалы шығармалар

FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана - 2013

УДК 821.512.122 ✓

ББК 84 Қаз 7-4

К 74 ✓

К 74 Құлыш Т.

Миға қойылған бомба. Таңдамалы шығармалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 736 бет.

ISBN 978-601-292-704-7

Сатирик жазушы Табыл Құлыштың «Миға қойылған бомба» атты тандамалы шығармасында қоғамның саясат құйынында халықтың көрген көрлемі, кісіліктен безгендердің зәбірі шынайы суреттеледі. Сол үрейден туындаған жағымпаздық, жалтақтық, жемкорлық, сатқындық ұлттым, же-рім, елім, халқым дейтін сенімге селкеу түсірді. Тұмысында қиянат, зұлымдықтан басқаны білмейтін қылмыскер, қанішер, дінбұзар, шетелдің жұмысықы насиhatына елігін елірушілерді жазушы қалың оқырманды сактандыру мақсатында сатираның аңы тілімен сыйнай білген.

Шығарманың тілі жатық, оқигалары нанымды. Мысқал жетерлік.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-4



ISBN 978-601-292-704-7

© Құлыш Т., 2013

© «Фолиант» баспасы, 2013

ОЙЫ ТЕРЕҢ, СЫҚАҒЫ ЕРЕН

Мінсіз қоғам болмайды, үнсіз адам болмайды, саясат құйыны біреуді ықтатады, кейбірін жарылқап мықтатады. Халық – терең су, тасқұдайлар да лайлай алмаған. Кезеңнің өткені бар, бүтіні, ертеңі бар. Қазақ әдебиетінде сатиравың шығармаларымен танылған Табыл Құлыястың «Тірі өліктер» сатиравың романының бүгінгі күні өзекті болып отырған сыйбайлар жемқорлармен күрес тұсында маңыздылығы ерекше. Шығарманың көтерген жүргі өткен ғасырдың соңғы жылдары мен жаңа ғасырдағы келенсіз көріністерді сықақ айданына әкеліп, тап басып, тапқырлық танытқан. Құлдіріп емес, қуйіндіріп, жемқор, паракор, алаяқ, не түрлі сүм-сүркіялардың бетпердесін сызырып, өзгени масқаралықтан сақтандырып, арамзалардың айла-амалына үңілдіреді. «Жемейтін адам жер астында, халықты жеген қақалмайды, заң құрығы тақалмайды, ажал оғын салмайды, өлгенінше жалмайды» дейтіндердің олжалаған байлығын итпен іздел таппайсың. Жер астынан жік шықты ма, үрлігін көр астына тықты ма, шет ел асып зытты ма? Құпиялы бұлдырығасым... Жок, қылмыскер жур қақ қасында. Озбыр бар, шаңырағы ортасына түсерін ойламайтын қиянаткер, ессіз деп аңы сөзбен түррейді.

Бүгінгі оқырман қалың романды күн-түн қатып оқымайды. Соны түсінген автор шығармасын тақырыптарға құрып, сатиравың кейіпкерлерін Тазша, Алдар көсе, Ешкіастың ой орамдары арқылы типтендіріп, образдарды аша білген. Қоғамның жегі құртындай жалмауыздардың амал-айлалары да әр түрлі. «Шатыры» мықтылары кеудесіне нан пісіріп алмайтынды алып, бармайтын жерге барып, қазынаның қара сандығын үттеп, мәндайына шаң тимей шіреніп жүреді. Сыйбайласа білгендерге «Сырдың суы да сирағынан келмей», үрлік, оңай олжа түн асқасын өзімнің байлығым деп көкірегін желдетіп, аяқты алшаң басып, халық дәүлетін суша шашып дәніккендердің

окиғасы шындыққа құрылған. Кісі қанын жүктейтін қылмыскер де қоғамның басы артық пендесі. Қызыл империя тұсында үреймен мемлекет басқару ажалы атом бомбасынан да қуатты болып талай жазықсыздар қырылғанын да түрлі құжаттар негізінде сын семсеріне іліп өтеді. Сондай-ақ «Жын соққаннан мың соққан жаман», «Бегенниң босауы», «Тозған қамыт», «Алдар алан», «Сөзі мыңжылдық», «Қолқамызға қол салды» және басқа шығармалары саяси памфлетке құрылып жазылғанын ангарасын. «Киізбас», «Құрдымға кеткен», «Толысқан тобыр жүр», «Жұқпалы дерт», «Абыр-сабыр» шығармаларында сүм-сүркіялышық, кейбір пендениң зұлымдығы көрініс тапқан. Тағы басқа шығармалары ұлт казинасы, қоғам байлығына қол сұғатын сұғанақтардың кеспірсіз бейнесін көрсетеді.

Барды бағалай білмейтіндер, мандайы терлеп адад ас ішуге құлқы жоқтар, қылмыстық жолды жағалап жүретін надан кейіпкерлерін сынап, міней отырып, қоғамдық нысанның кемшілік тұсымен өткір негіздей білу арқылы сатира жанрындағы тәсілді жетік менгергенін танытады. Құлғыстың осы шығармасындағы әңгімелерінде жеңіл әзіл құлкіге қалғандарды мензеумен қатар өзгені ойландырады. Ұлттық тәртіп-тәрбиенің бәсекесін тұсына оралуды жоқтайды. Ар-намысы мықты, адалдығы жарқырап тұратын жағымды кейіпкерлерінің бейнесі жамандық жолдан сақтандырады. Адамдардың өткен өмірі мен бүгінгінің қат-қабат тірлігін айна қалпында көрсеткен. Қойын алдырып, корасын бекіткендей жеке талау кезіндегі шенеуніктердің райынан қайтпаған дүлей қүшінің соңғы түркі серпердегі алдау, арбау амалдарының зұлымдығы нанымды бейнеленеді. Қылмыскердің қандай түрін болса да тірі өлікке теңеп, қоғамға қасіреті ауыр деп түйіндейді. Момындардың бейқамдығы, құқын қорғауға енжарлығын билетін айла-кер, сүм-сүркіялардың тұс-тұстан оңай олжага сұғынуы тексіздіктің та-мырынан өсіп-өнгендігін білдіреді. Зәлімдерді көптің көзімен карап, ұлы халқымыздың да осал тұсы болатынын мензейді. Пендениң қазаки мінез-құлқы кесер кенірдекті ойлауга өзгеріп, дала даналарының өнегесі тари-хи оқиғаларға байланысты әлсіреуі окушыға ұғымды баяндалады. «Менің жерім, ата-бабаларымыздың ісін мен жалғастырамын!» деп алғырлық танытудың орнына сылбырлық, енжарлық, көре алмаушылық, сатқындық танытқандарды батыл сынайды. Сондай-ақ өткен қоғамдағы жақсылық пен жамандықтың арпалысы мұрагат деректерімен «Аңсыз бар, жансыз бар», «Мылтықсыз майдан», «Жарылғыштың сойқандығы» кейіпкерлерінің ба-сынан өткен шемен-шері баяндалады. Халықты үрейлендіруді саясатшы бастайды да, оның рахатын итаршылары көріп, езіп-жаншудың қанқұйлы зұлымдығы жүзеге асады. Оған мейлің жыла, мейлің күнірене отырып ызамен күл, қабыргаң қайыса қайғыр, бәрібір пендениң жаны тәтті, өлгісі

келмейді. Небір сұмдықтарға төзіп, «Басқа түссе баспақшыл» деп әлсіз қауым тынады. Жүдеу халықтың қаны түңзі, сұм-сүркіялар қанын сорып, жер-жебіріне жетеді. Өлімші болғандар азып-тозып өмірден өтеді. Сондай-ақ адам тағдырын ойыншық еткен үрейлі кезде ақ халатты дәрігерлердің ерекше қызметі, ерлік пен елдіктің тамыр тартқан қасиеттілігі шығармада маңызды мәнін тапқан. Автор өткен қоғам мен бүгінгі тірлігімізді салыстыра отырып оқушыларын мезі етпеуді мақсат етіп, оқиғаларды тақырыптармен беруге тырысқан. Бұл жерде автор бүкіл халықты айыптан отырған жок, кейбіреулердің кері кеткендігін әжуалайды. Құлағы салбырап, дерегі бардың аузына қарап, өзіндік пікір айта алмайтын сорлылықты, лауазым иесінің сойылын соғатын сатқындықты мінейді. Бұл қай кезенде де қоғамдық дерпт болған, әлемде емі табылмаған қатерлі ісік тәрізді.

Жазушының «Мига қойылған бомба» повесінде Кеңес үкіметі тұсындағы медицина саласындағы мамандар мен ғалымдардың көрген азабы, бірін-бірі көре алмаушылық, іштарлық, сатқындық, жағымпаздық, болмашыға кекшілдік, жақсылық пен жамандықтың бітіспес шайқасынан запы болғандар өмірі шындыққа құрылғандай әсер етеді. Үреймен дірлдетіп тұрған саясатты басынан кешіргендер адамдардың өз басындағы отты көрмей, өзгенін басындағы шоқты көріп, жагымпаз, сатқындардың құтынга салуынан тұніліп шошынбас деймісің. Шығармада өткен заманың шері жатыр. Қорғаушысының басқышымен жоғары өрмелеп, қолдаушысы мықты мұраға ие болатындаі дарынсыздардың акылдыны астан-кестен еткен қатерлі тұстары да оқушысын ойға қалдырады. Ауыл дейсің бе, аудан дейсің бе, облыс дейсің бе, қайда да дүлейлердің жасырын зұлымдығы, қарапайым халыққа өлшеусіз қиянаты қысқа әнгімелерінде де айқын суреттеледі. Теріс айналған тағдырлар неге кезікпеді дейсің, әр шығармада бірін-бірі қайталамайтын оқиғаға кезігесің. Бұл – сатирик жазушының шеберлігі.


Ал «Тірі өліктер» шығармасы фельетондар, памфлеттер, сатиralық штрихтардың топтамасы деуге болады. Қоғам мүлкін жегідей жеген жалмауыздар, сұм-сүркіялар, қиянаттан басқаны білмейтін зұлымдар, құдайын ұмытқан кеспірсіздер, тағы басқа да қоғамдағы мерез оқиғалармен қатар памфлеттерінде «желкеуде» казактың «Таспен ұрганды аспен ұр» дейтін небір залымды, дәм-тұзға тапсыратын наанның киесін ұқпайтындарды сын семсеріне іледі. Зұлымдыққа кегін жібермейтін әділдік барын ашық айтады.

Пенде бойында кездесетін жамандықтың қандай түрі болса да бабала-рымыз тезге салып, ұят – иманның қабын түсінбейтіндерді масқаралап, апты сөзбен мінеп, шенеп отыруды борыш санаған. Соның арқасында ұлттық сезім биіктей түскен емес пе?! Қалың оқырманға арналған бұл повесі де,

басқа шығармалары да сәтті туынды. Әркім өз мінін көріп, өзегін өртеп ойланса дейсің. Жазушының суреткерлігі соны мензейді. Ойы терең, сықағы ерен, құғын-сүргінге байланысты шығармалары мұрагаттардың тың деректерімен де құнды. Жазушы өмір шындығын қаз-қалпында жеткізе білген. Тұқырта айтқанда, мемлекеттік қандай сыйлыққа да ұялмай ұсынуға болатын құнды еңбек екеніне оқушылары да өз бағасын берері анық.

Адам МЕКЕБАЙ,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері

МУФА Кошылган бомба



~~СОВ. СИКРЕТНО~~
(Особая папка)



СОВЕТ МИНИСТРОВ СССР

ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 2141-563сс/оп.

от 19 - июня 1947 г. Москва, Кремль.

Вопросы об'екта № 905.

Совет Министров Союза ССР ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Принять предложение Первого главного управления при Совете Министров СССР (тт. Завенягина, Александрова), Начальника об'екта № 905 т. Рожановича и научного руководителя об'екта т. Садорского об утверждении для строительства об'екта № 905 площадки в районе реки Иртыши в Южно-западной части города Семипалатинска в соответствии с прилагаемой картой и характеристикой района.

2. Обязать Первое главное управление при Совете Министров СССР представить в Совет Министров СССР предложения об отводе необходимой для об'екта № 905 земельной площади вместе с проектным заданием на сооружение об'екта № 905 в срок, установленный Постановлением Совета Министров СССР от 21 апреля 1947 г. № 1092-31Зсс/оп.



Председатель
Совета Министров Союза ССР И. Сталин

Управляющий Делами
Совета Министров ССР Я. Чадаев

АҢСЫЗ БАР, ЖАНСЫЗ БАР

*Залымдық – адам баласының дүшпаны.
Адам баласына дүшпан болса, адамнан
бөлінеді, бір жыртқыш хайуан хисабына
қосылады.*

Абай

Ел ішінде қашшама ғасырлардан бері тірлікті жөнге бастар ақыл бар. Тауып айтылған нақыл бар. Жаның шошитын қияннатты басқа біреу қайталамасын деп ауызекі ескертіп сақтандырып отырады. Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін құлақ құрышын қандыратын өнегелі сөз тыңдайсың. Оған бірен-саран ез де токтайды, батырсынған дүлей де сабасына туседі. «Ел ішінде бір тентек жүрмей ме» десе де, сүйектен өтетін ащы сөз тезі қандай қысықты да түзейді. Ақылдылардың өнегелі ойы інжу-маржандай әрбір шаңырақта жайнап тұратын-ды. Оныңыз мағыналы өмірдің мәні еді. Құліп-ойнап отырудың сәні еді. Тәтті тәрбиеге жаның семіріп жайнайсың. Ақылың асып, дәріпті болуды ойлайсың. Жақсылыққа талпыну бар, өмір сүрге құштарланып алқыну бар.

Алқа-қотансыз-ақ мына отырган ауылдас екеудін әңгімесі жай күндердегідей емес еді. Өйткені қуаныш аз, күдік көп кез еді. Басып-жаншыған үстемдік, «Екі елі ауызға төрт елі қақпақ қой» деген сақтандыру бар. Көксөққан зәлімдер тырнақ астынан да кір табады. Құзғын ойлы пәлені жабады. Сазайынды тарттырып, кегін қайтарып қалады. Кезең солай, мисыз баста адырайған кез бар. Ал мына отыргандардың ықыластары шын, ойлары тың. Басқа түскен баспақшыл емес, болашақтан үміттері мол-тын. Тегін білім алады. Оның қайтарымын да ойлайды. Елге берген елден кетпейді деп түсінеді.

– Алаған қолым береген, – деді Сәдір көнетоз шалбарына жүккән шанды қағып. Сонын бір көзінің ағы бар, еріні жырық Шабдарға карады.

Онысы сөзге қосылсын деуі ме еді?.. Анау үнсіз болғасын, – Осы костюмды отардағы саулықтан межеден артық төл алғасын кеңшар директоры жиналас ашып маралаттап, өз қолымен кигізіп еді. Кезіндегі құрмет те ұмытылмайды еken. Толқып түрып «Ұлың Мәжен елдің алғыр азаматы болсын!» деп алғыс білдірдім. Эне, айтқаным келіп, Мәжен мықтылығын танытты... Еңбегімді сіңірдім, бергенін алдым... жұбандым, қуандым.

– «Ұялмаған бұйырмады алады» дейді гой. Өзің сұраган жоқсын ба?

– Не дейсін, ей? Елден үят-ты. Қалай аузың барып айтасың? Ұятсыздың тірі жүргені не, өлі болғаны не?

– Талай ақылдылардын обалына қалған «жатыптар» олеміз деп жүрмеді. Қиянатын ұмытып, бүгінде олардың аларда алтау аз, берерде бесеу көп көрінеді дейтінін де тыңдамадық па? Жұмбақтап айтқанына қайт етпей бас изедік. Қалың өкінішті де сезбедік.

– Қарадай қалтырауық, корқақ, сорлылықтың белгісі тағы. Ондайды адамның қоры деп жиіркене қарамайтын ба едін?

– Кеңес үкіметінде моншактаған терінді төгіп, күш-қайратынды сарқа беріп, басшы жарылқайды деп өмешенді үзіп едін. Алудың ата-анасты тірі, берудің экесі өлгендей сезінетінін қайда? Тозығы жеткен костюмінді әспеттеп, өмірінде бір көрген қайырымға қанағаттанасың, ә? Астыртын ауыз жаласқандар аларын алды, омырауына ордендерді самсатып тақты. Қолпаштап арқасынан қактық. Сайранды салды. Мандай терің, табан етің, күш-қайратынды кенеше сорды, хақынды бермеген көғамда экесі де, шешесі де өлер, ондайда ел байлығын қылқұртша жеп тауысатын жалмауыз көбейер. Көзінді ашып кара, жан-жағында іші қуыс бықсық бар. Бабаларың «Сиыр мүйізді өгізде күш жок, өгіз мүйізді сиырда сүт жок» деуші еді. Ұлынды ана туды, балалар бакшасында әйел тәрбиеледі, мектепте әйел оқытты, институттарда әйел білім берді, өзің арақ ішіп ләйліп жүрдің. Әйел мінезді ұрпак ұлтынның көсемдік, батырлық, ер тұлғасына жарасатын мінезінен айырылды, бесік жырынан басталатын шешендігінен айырылды. Қызың – өзімшіл, ұлтым деуге тілі келіспейді. Жанұяна желмен берген тәрбиең желмен кетіп жатыр. Ақылсыздарын белден бел асып, маскүнемдік, сайқалдық тірліктеріне жарасып, жүргегінді тастай қатырып, қайғыға белшеден батырып тынар түрі бар. Адам бола алмай, тірі өлік атанаңып қиналсақ та, құл болудың жолын тез менгереміз. Шет елдің жексүрін насихатын таласып-тармасып игреміз. Арын ойлап намыстанбайтын да өзгеден келіп жатқан жұлын үзер жаулық бар. Билікті әйелге беріп едік, қасиетсіздіктен күнде өлеңтін болдык.

Әйелге ақыл журмейді, одан да өлі дененде өзің қабірге сүйреп әкете бер. Әлемде қартайып кеткен мемлекеттердің қайғысы басымызға түспесін деп тіле. Байтақ жеріңің аман-есен ұрпағына бүйіруын ойлап әрбірің зарығып жүде. «Шіріген тақтайға шеге тұрмайды» деп отарлық езгі, Кеңес үкіметіндегі үрейден қалған өнегесіздік, тексіздікті қайталаудан сактан.

– Е, бабаларымыз белшеден қасірет тартқасын, біз жас балаша сәл-пәл елеп, сәбиге ойыншық ұстатқандай сыйға мәз боламыз. Жұбанамыз, қуанамыз. Өзімізді өзіміз алдаймыз.

– «Алмақтың да салмағы бар», салмақ нарқын білмедім дегенше, өмір сүргенің құнсызы. Есесі кеткеннің еңсесі көтерілгенше қашан? «Қашпаған қашардың уызын ішіп тойлаймыз» депті ертеде бір айтқыш.

– Е, жеген нанның ауырлығын түсінсек, алғанымыздың салмағын өте-гендей болар едік. Күнәміз жетерлік, ауыр зілді басымыз көтере алмай желкеміз үзілмесе жарап еді. Ар шыңынан талай құладық, шыдамайтынға да шыдадық, еңсе көтеріп тұруымыз қынданап барады. Қанағатсыз тірі өліктер ізгілікті ұмытып кетпесе жарап еді... Ел ішінде өтірік бар, күндеу бар. Мың құбылғандықтың сырын білмеу бар. Жақсылықты жатсынып, жамандықты байқамау көрсоқырылған еді. Дыраусығанға көптің көкірегінде дық бар.

– Бесік табы беліне сіңбесе, өнеге ана сүтімен дарымаса, ондай астам-шыл адам пәлеге ұрынбай түрмас, – деп еңсесі түсіп езіліп, шашы ағарып, қайраты қайтқан ескінің көзіндей Сәдір мен Шабдар амалсыздықтын арқанынан ұстап, қалт-құлт еткен тірлігіне өкпесі жоқ, басының аман-дығынан басқаны керек етпес пигылдан аспаған еді.

– Уstemдік дүлейленіп тұрғанда мұратына жетпес еді... Сонда да титықтатқан жоқтыққа мойынады, ұлттық өнегенің ұрпағының бойына қанмен сіңіп жалғасуын арманадады. Қазақ қазақ болғалы безбүректік, зұлымдық танытпады, таспен ұрғанды аспен ұруға жалықпады. Көкірегін бастырмады, басынан қиянат сөзді асырмады, тегіне тіл тигізбеді. Құлқын құлы болудан аулақ еді. Намыспен жеткіншегін баулып еді. Мындардың ішінен кездесетін бірер тірі өліктерден сақтанып еді, – деп Сәдір сөзге тоқтаса, Шабдар келісті ойды жалғап, ертенін өзінше барлап:

– Сөзге тоқтау бар, – деді. – Айтқанды түсінбейтіндерден ығыр бол-дым. Құлақ қоятындарды тоса-тоса шаршайтын түрім бар. Сонда да шүкір деймін.

– «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыз жалғыз атын сойғызады» деп барға қанағат еткенге не жетсін? Кемсіз тірлік жоқ. Келісі келмегенді керісіп жену қын. Сухитқан саясатқа сену қын.

– Біреу араны ашылып жамандық ойлайды, оның кесірі өзіне ораларын білмейді дейсін гой. Адам өз кінәсін білмей жүрт алдында жексүрүн атана-ды, – деген сөзді тыжырына айтып, ұяла білмеген қандай қорлық екенін алдын ала ұрпағына айтып, тәртіппеп, тәрбиелеп отырды. – Теренцен бас-тау алған ұлттық ерекшелік мейірлі болу, ізгілік, ізеттік, шындық, адалдық жануяда жайнап тұрушы еді. Әттең, кейбіреуде дөрекі мінез бар, кейбіреуде жұғымсыз жаман әдет – керкілдесу бар. Жұқпалы дерпт, сынықтың да сырқыраганы жұғады деп жан-жағымызда жат іс қаперсізді қөндірдім деп жыミяды. Жә, ғылым жарығы жалпақ елге жарқырай түскей деп шүкіршілік етелік. Байсалдылық танытып, зырқырап өткен өмірге ой жіберелік, – деп Сәдір үрейлі жылдарды көз алдынан өткізді.

Мылтықсыз майдан

Ауыл сыртында ақ таяққа сүйеніп, мола жаққа қарап тұрған ақ сақалды қария тірі пендे сықылды күнәсі болса да, ұрпаққа ақыл айтпақ боп жанындағы шала мас ұлына қарап, «Сақтансаң сақтаймын» деген Жаратқан Ием. Жан-жағында көзбояушы арам ойлылар аз емес қой, бір күні орға омақастыра құлатпасын» деп айтса да, ойын ұғынып мақұл көретін ұрпаққа күмәні барлығы байқалды. Соғыс жылдарының тауқыметін көргендіктен бе, бүгінгі тәртіп, тәрбиеге, саясатқа көнілі көншімейді. Қайтеді, уақыт сақалын сипағаңдай әп-сәтте өтті де кетті... Бүгінгілердің күнәсінің ауырынан шет елдің құйынданып келіп киліге кеткен зиянды саясаты ұлттық ігілікті ірітіп барады. Пенденің жүзі сұық тарта бастады.

Карияның есінде. АҚШ-тың бұрынғы ЦРУ-дың бастығы Аллен Даллестің «Соғыс не бейбітшілік» кітабындағы әлемді уыстан шығармай ұстал, билеп-төстеп тұруының басты амал-айласы жұмыр жердегі елдерде «1. Жезекшелік. 2. Зорлық-зомбылық. 3. Айуандық. 4. Сатқындық. 5. Ұяттан безу. 6. Екіжүзділік. 7. Маскүнемдік. 8. Бірін бірі көреалмаушылық. 9. Күндеу, есектеу. 10. Рухани бейшара ету» деп бүкіл саяси қызметті осы бағытта жүргізуід мәссаң етсе, соғыссыз-ақ әлемді ондырmas еді. Өлі түске ұрындырып есінен айырап еді. Біраз елдерде Даллестің тәртібі орындалып та жатыр.

Бірінші жезекшелік дейсін бе? Үлбірекен жап-жас қызындаң тәнін сатып жезекше атанаң, тірі пендеге күлкі болуының себебі үрейден дей ме? Жоқ, тұрмыстың ауыр соққысы деп дәлелдер. Тойынып ас ішпей, жылтырап киім кие алмау қоғамның әлсізді қорғай алмайтындығы ма? Әлде аракқа тойынудан басқаны армандамайтын әке-шешесінің ауыр халі ме? Әмірден өзіндік орын таппай қалғанда билік өз обалың өзіне деп итсілікпеге итепе салғандай түсіне ме? Сұрқиялық жолмен байыған тобыр санасыз, әлсіздің жан дауысын естімейтін шенеунік мансабынан басқаны ұғынбай, көзі аспандап кетті деп таушакты болды ма? Жоқ, шетел насихаты, тән қызығына майман қағып қаңғып келді де, жұғыса кетті, төсек ләззаты деп ұғыса кетті. Басына түскен ақырзаман қайғысын жан дескен құрбысына да айта алмайды. Оның байы бар, ішпесті ішіп, киместі киіп, бала сүйіп отыр. Өзі ше? Шынын айтқанда, қойындақсан еркектері сұраганын береді. Кейбірін біртүрлі жақсы қөріп қалады. Махабbat деп түсіне ме? Бекер, бәрі алдамшылық шығар. Жоқ, маған бүйірганы жезекшелік өмір-ау демейді. Ешкімді де сүйдім, күйдім дей алмас. Әке-шешеме табысымды берем, олар да ұятызыз, «Бүйтіл тірі бол жүргенше құрып кет, көзіме күйік бол көрінбей» деп жекіп, мазалап жатпайды. Табысы бар, ішіп-жеміне, жылтырап киінуіне тарымшылық көрмейді. Еліктеп еркіндей бер шетелдік көргенсіз әнегеге дер. Кейін өле алмай қиналасың деп ешкім айтпайды. Ажал қорлығы осал болмас деуге ауыз келіспейді. Тапқанын ата-ананың қолына салады. Кедейшілік түрі есін шығарып езіп барады. Басқадай амалы қайсы?

Әлсіздің көзінің жасы көл-көсір болса, зорлық-зомбылықтың қабырға қайыстырап қаталдығы деп қойыңыз. Жұмыр жерде жауыздықтың же-зекшеліктен басқа да түр-түрі көп, Ирак анау – қанша жылдан бері АҚШ салған соғыс өртін сөндіре алмайды, Ауғанстанның мынау бен Ладен дегені ібіліс үйтқытып жүр деп адам өлімі тыйылмайды, бүтінгі Ливия мынау – бүліншілігінде әлсіздер өлеуді. Әскери нысандарды бомбалаймыз деп даурыққан НАТО қаншама халықты қырып тынды. Дүлей немелер бөтен мемлекеттің тағдырын ойыншық етіп, халықты қоргаймыз деуі, демократияның бір тетігі қан шашу ма? Қазақ «Бос жатқан жер жау шақырады» деуші еді, байлық таласы да қырғын болғаны ма? Бақайшағына дейін зұлмат қарумен жаракталғандар әлсіз елдерге қыр көрсету, қиқандаса қып түсуге даяр тұратыны басқыншылықпен бағындырып, байлығын тонауды мақсат ете ме? Және қан төгіп тұрып демократия дейді. Жұмыр жерде тыныштық жок, қаскейлік, алакөздік жетіп жатыр. Адамдардың Құдайын ұмытқандығы ма, табиғат апаты да жайсыз тиіп, шашыпды тік түргизады. Біреудің қайғысын көргенде ас ішуге де зауқын сокпайды. Жаңын шошып, көзіне жас аласын. Мұндай арлының аянышын сұм-сұрқия түсіне де қоймас. Әлем өз алдына, елімізде де табиғат апатына ұрынған Шырын ауылындағылардың жанайқайын естіген үкімет 30 миллион теңге бөлді. Жарылқады, жұқарғанды жұнттай етті деп ешкім айта алмайды. Жемқорлар осындаida өз пайдасын шығарып қала ма екен? Өйткені ел үстінен жеген еленбейді, әлсіз айтқаныңа көнem дейді, «Жалған айтсаң да жоктан жақсы, сенем» дейді деп желіп жорытқан сұрқия ажалын ұмытып, кімді олжаламай жатыр? Жұмыр жер төмennен жогарыға дейін шарлап, тамыр тартып кеткен қаскейлікті көтере алмай, турлі табиғат апатымен тәубаға шақыргандай сезіледі. Табындыруыш бар, табынушы жетерлік. «Жұз жауыздықты бір дұрыстық женеді» деуші еді. Оны ойға түсіріп, ақылға келу қындал бара жатқан жок па? Жұмыр жер бір уысқа сыйып, біреудің үстемдігіне төзбейтінін тарихтағы қантөгіс соғыстар түсіндірсе де, дүлейлік кап-қара ібілістік күш тоқтар деймісің?.. Зорлық-зомбылықтың түрі де көп, шегіне шығып байсал табары белгісіз. Қазақ ондайды «Ұра берсөң жылқы да шам шығарады» деп түйген. Әлсіздерде ыза, кек бар. Түрлі бұзық бар.

Есалан дөйт мінезді өлер жерін де білмейді. Ақылдан айрылғанда айуандық, жыртқыштық пенделігін ұмыттырады.

Теледидарда екі қыз дәретхана кезегіне таласып қалыпты. Кіжіктесіп бір-біріне күш көрсетсе керек. Әлдісі қапысын тауып қарсыласының құлағын тістеп тастаған. Бұған біреулер күлдер. Құлқі емес, өлім, ақырында сотқа жүтінеді. Жәбірленуші құлак құны жеті жуз мың теңге дейді, зан бойынша сотқарға үш жыл үкім кесіледі дейді. Айуандықтың бүкіл ауылдасына ұтты қаншама? «Адам азарында азап кешеді» деген осы болса керек. Ақылсыздың көзіне түк көрсетпей адастырып тұрган шайтан ба, әлде шет елдің көргенсіз насиҳатының босағамыздан кіріп төрге шығуынан

ба? Тіпті имандылықты іріткісі келетіндер өлген адамды денесі сұымай жатып көрге түн ортасында түрекеліп түрғандай етіп көме бастағаның да жыртқыштықтың қай түріне жатқызып, дінімізге қатерлі қауіп өз ішімізден туды ма деп жаныңды шуберекке түйіп, астан тәтті ажалыңды қайғылайды екенсін. Ұлттың имандылығын жою үшін алдымен ақылдан аздыруды Кеңес саясатынан сезіп едік, енді шетелдің дінбұзарына кезігіп қалдық па? Зәрен үшады. Апыр-ай, құлақ-мұрын садақа, иманым аман қалса жараганы. Ақылдан азған емей немене, түрмелерде отырған 2520 қыз-келіншектердің 20%-ы қасақана күйеуін өлтіргеніне де дінбұзарлардың ықпалы болмады деп айта алмассың. Былтыр елімізде 92000 жас жұбайлар шаңырақ көтерсе, бір жылдың ішінде 32000 жұп занды турде айырылысып кетсе, дінсіздер дейсін де қоясың. Уйлену мәселесіне де шайтан үстемдік етіп кетпесе не қылсын?! Үыздай үлбіреп түрған ұлттымыздың ұрпағы өнегенің ала жібінен қалай аттады? Сұрақ көп... Зұлымдық, қайырыздық жұлқылап жатыр... Бақытсыздықты мәндайға жазды ма? Кейбір желікпелерді бір-бірлеп еркін алып жатқан нендей құпиялы қара күш, оны түсіну аз.

Ата-бабаның қасиетті имандай үйіған тәртіп-тәрбиесінде сатқындық бар ма? Біреулер «Әлсіз, қорқақтар сатқындыққа барады» дейді. О да жөн шығар. Бірақ үстемдік алдында маймандаған жағымпаз деген жексүрін жұмыр жерде баршылық қой. Жазықсыздардың қанын жүктеген бен Ладенді АҚШ өздеріне керексіз болса, бағыза қарасын батыруға шамасы жетер еді. Оны ойлап қайтеміз, өзіміздің түтініміз түзу шығуды тілесек, кейбір шенеуніктің жанында да сатқындар жалбактап журмей ме? Бірді біреуге шағыстыратын бен Ладендей сүркіялық қандай жиіркенішті? «Тірі өлік-ай, сенің кесірің ақсатты ғой» деп кешен өкінген, тактан түскенде налыған басшыны да көргенбіз. Әмірі жүріп түрғанда құлдығың болайын, лақтырған таяғынды тісіммен әкелемін дейтін жағымпаз аяқ астынан өзгеріп, «Бастық қолында дерегі барда бәрін бүлдірді, зұлымдық жасады» деп жөн-жосықсыз жамандап жатса, сатқындық емей немене? Бұда қазақтың ұлттық тәртіп-тәрбиесіне жат, лаң салатын масқаралық деп түсінген-ди.

Мұндай сорақылықтың тағы бір түрі – екіжүзділік. Тірліктің қым-куыт қозғалысында адалына жүгінсек, шенеуніктердің кейбірі таққа отырғанша жүрттый жарылқап, жақсылықтарды үйіп-төгіп тастайтындаі уәде береді. Сөзі дәлелді, мінезі салмақты, сүйкімді көрінеді. Орынтаққа жайғасқасын түймелермен теріліп ашылатын темір есік бар, есік күзетшісі, окқағарлары қарапайым адамдар түтілі, экесін де маңына жолатпайды. Халықтан бөлініп, жат мінезben тірі өлікке айналғанына арланбайды, қайта өзінен лаузымы жоғарылар алдында әмпай-жәмпайласып құрт өзгеріп шығатындар жарық дүниеге бұдан бүрын да келіп кеткен, өзге әлемнен жаралмаған шығар, жер басып қасымызда жүрген-ди. Жалған мәліметтермен өзін де, қоғамды да алдаудың сұжұқпас суайт шеберінің құбылма қылышын, одагай әдетін суреттеуге сез шақ келмес. «Алдымен халықты оиласақ,

көніл толатын іс атқарсақ» деп сөйлеп тұрып қаскөйлігін жүзеге де асырады. Алым алу, пара беріп жағынудың небір құпиясын менгеріп асқақташығады. Сөкет істерін жұмсақ сөзі жорта арашалап тұрады. Өзінен көшілгери білімді, ақылды болса, қапысын жібермей қанын сорып, мықшитып тастайды. Осылай екіжүздін көзіміз көріп, бұзылған пейіліне қапысыз қанығып тұрып арқасын қағып алқалауымыз да қашшалықты аянышты еді. Бір ғажабы, мұндайлардың шатыры, қорғаушы, қолдаушысы шет елден табылатын үйтқыма, жырынды демократ болса кайтесің? Елгілікпен жөн сілтеп жүріп, бара-бара езу тіліп тастайтынын кім байқапты? Кәнігі екіжүзді ең қауіпті екені қашаннан да түсінікті болған. Олар орынтаққа, байлыққа масығып, туыс-туғанын да сатып кете береді. Тірі жүргенінен түңілесің бе, түңілесің. Бірақ жанына жақын барып жөн айтуға батылың бармайды, қоғам әлпештеп отырғандай билігінен жасқанастың. Масығып барып бір құлар дейсің де қоясын.

Берекесіз тірлік қайда жоқ, маскүнемге айтқан ақылдан пайда жоқ. Олардың масқарасын көргенде жер басып тірі жүргеніне өкінесін. Маскүнем інінді тәрбиелемек боп бетіне түкір, жағасын жырт, айылын жимайды. «Обадан аман қалған арактан ажал табады» дегенді миының қақпағын ашып құйсан да тындармайды. Тентіреп, қоқыс арасын түрткілеп, қор болып жүргенін арсынбайды. Арактан жарылып өліп жатса да қорықпайды, арнамыстан жүрдай тірі өліктер қоғамда жетерлік. Оны азсынсаң, есірткімен есі ауған есустар талай шаңырақты ортасына түсіріп жатыр. Нашақордың сырын білгің келсе, елімізде бес мыңнан астам нашақор есепте, түрмеде отырған алпыс мың адамның қырық мыңдайна нашақор делінсе, бұдан артық қасірет болар ма? Әлемде есірткіден екі миллиондап адам өлсе, өлгендер еселеп көбейіп жатады. Қазақ ұлтында бүрын-соңды болмаған қайғы шетелмен араласып жүріп зұлымдығын қанға сініріп, аузымыз аңқырап ақымақ болғанымызды да кешен түсініп өкінгеннен не пайда? Қан түкіртер қайғы тірі өліктерден тарап, заңмен тәртіптеуге үлгертер емес. Көкірегінді құніренткен қайғыны айтуға тілін күрмеледі.

«Тауына қарай аны, заманына қарай заңы» дегендегей әр кезеңнің өзгермелі құбылысы біреуеге жайлы, біреулерге жайсыз. Етегіне сүрінетін еріншек бар, татулығынды, жақсылық қасиетінді сүттей ірітетін келімсек бар. Айтса нанғың келмейтін шындық бар, бабалар тарихына жат талас, тартыс, әлсізді өксітетін сұмдық бар. Ұлттық ұлылықтың жамандықпен сыйыса алмаған түрі бар, еріксізден езілгендердің үні бар. Біздің шетел тәртібіне, насиҳатына тым сенгіштігіміздің сыры тереңде. Аллен Даллестен бүрын да халықты үреймен басқару тәсілі жер бетінде болған-ды. Уstemдікке құлдық ұрган кезендер, тарихтағы империялық басқыншылық әлемде бірімен-бірі үндесіп, тамыр тартып жатқандай дерсін. Ресей империясын XVIII ғасырда билеген II Екатерина патша Орынбор генерал-губернаторына жолдаған жазбаша нұсқауында сұқ саусағын шошайтып: «1. Қыргыз-қазақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларымен араз етіп, бірімен-бірін қас

етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз. (Патша жарлығы екі етілмей, қазак жеріндегі екі жұзден астам рулардың адам саны есепке алынып, ру мен руды өштестіру құпия насихат арқылы жургізілді. Бұл өз ішімізден сүм-сұрқиялардың, сатқын, екіжүзді, қаскөй, жауыздардың пайда болуына жол ашты. Жаманшылық тұқым қуалап кете барды).

2. Сұлтандарын бірі-бірімен араз қылып, бірімен бірін иттей тартыс-тырып, бірінің етін бірі жеуге себеп болардай іс қылыңыз.

(Караңыз, адал ниеттінің өзі амалсыздан босағада көріселік деп жаула-сып шықпай ма? Жәдігөй, корқақтар сананы ластаған тұста қазакта «Қазақ бірінің етін бірі жесе де, сүйегін далага тастамайды» деген сөз қалған-ау. Тірлікте сыйласа алмаганның өлгеннен кейін «ой, бауырымдауының» несі жақсы? Амал қанша, басқыншылықтың айласын үққан аз, азабын тартқан көп. Тарихта 1807-1808 жылғы қазақ даласындағы жұт қырғыны пат-ша саясатының зұлымдығымен қатар жүрді, оған дәлел шекаралықта бар болғаны 3537 түтін ғана қалған. Отарлау саясаты рейдерлік аш қасқырдай талғамай жұтып, тұс-тұстан казак әскерлері қазактарды қырып-жоя ба-стайды. 1840-1850 жылдарда қыспаққа түсken 40 мың қазақтар жоғарғы Орал, Троицк, Челябі, Орынбор губернияларындағы алтын, тұз, балық өндірісінде күл есебінде еңбек еткен).

3. Қырғыз-қазақтың басшы адамдарын сұлтандармен араз қылып, сұлтандарын өз қоластындағы ақсақал адамдармен араз қылыңыз. Арасына от түсken уақытта жаңып кетердей кәкір-сөкір даярлай беріңіз! («Айқап», 1913 ж.) деген әйел патша бұйрығы қазақтың қанын сорғалатып орында-лып жатты. Сұлтан болған атақты құйші Дәүлеткереj жымысқылардың өсек өртіне құйініп бармағын тістеп, талай зарлы қуйді төгілдірсе, дауыл-паз құйші Құрманғазы «Патша жендеттері қырды не, табиғат апаты қырды не, қырылған қазак қырылып жатыр!» деді. Міне, осындау зұлмат езгі қазақ қанына құлдық үрейді сінірді. Сұқ саусағын шошайтып, бірін-бірі сатып кетуді тапты, санасыз, ойсыз, миғұла піғылды ұрпағына жалғастырды. Тірі жүрудің қамын ойлаудың қырысқынан ниет зұлымдыққа бұрылды. Үрейден үміт күту кайда? Өзі қыл бурауға оңайлықпен түспеу үшін тапты амал-айла. Біреуді қаралауың керек десе, сұқ саусакты шошайта білді.

Міне, Кеңес үкіметінің қызыл жағалы, түсі сұық екеуі жатаған үйдегі қаба сақал, бәкене бойлыдан «Ауылда бай бар ма, көрсетсөн каржы төлейміз?» деп жамбасындағы мылтығын қолымен сипап қойды. «Ана бір биік үйде Жансүгір бай тұрады» деп қаба сақал сұқ саусағын шошайты да, қызыл жаға ұсынған төрт-бес рубльді қағып алды. Құғын-сүргіннің дүрбеленінде Кіндікқоңыр аталатын ата мекенінде адал еңбегімен тірлік еткен Жансүгір мен Бибінің қара шаңырағы талқандалып, мал-мұлкі тәркіленіп, «Пактыарал» өніріне жер аударылды. Дауылпаз ақын Ілиястың әкесі қартайған шағында құтынға түсіп, аштан бұралып, қорлықпен дү-ниеден озды.

Өлер алдында:

*Қайыры жоқ заманнан қорқам,
Кісілігі жоқ адамнан қорқам,
Иттігі басым наданнан қорқам,
Сатқын, зұлым жаманнан қорқам, –*

деп тебіренді ме екен?! Адалдықты, татулықты жеті жасынан аңсаған Илиясты ойлады-ау.

Бірде інісі өзінің шабындығы бола тұра Жансүгірдің шабындығындағы шөпті шауып маялап қоймай ма. Мінезі каталдау Жансүгір інісін шакырып алып, қамшымен бір тіліп өтіп ұрыспай ма. Жұрт көзінше агалы-інін шатағын жаратпаған Илияс қалтасына сірінке салып, шабындыққа барады да, маяны өртеп жібереді. Үйге келіп әкесіне:

– Ұрыс-жанжалдарың енді тарқар. Маяны өртеп келдім, қылдай етіп күлін бөліп алындар, – депті. Әке ұлдың алғыр ақылына тоқтап, ұнсіз қалған екен. Ел арасында сүм-сүркияға жем болмастың жолы татулық екенін Илияс балаң жасынан байқап, қатерлі кезеңнің боларын ерте болжағанын кім ұмытады? Өткен ғасырдағы құғын-сүргінде сұқ саусакты шошайтатын жатыптарлардың қырсығынан талай даналардан айрылдық. Тектілікті жоя бастадық. Парасаттылар көлеңкеде көміліп, зұлымдықтан женіліп азап шекті. Ұлылықтан пайым алу ұмытыла бастады. Бірдің бірге өшігүі өргтей лаупады. Абай айтқан «Өршілдік пен лағнетке болған душар» дегеніндей, зәлім ойлы надандар өркөкіректікпен обал-сауапты ұмытты, ақылдыны тірі жүргізбеуге белсене кірісті.

Бұғінде сыйбайлар жемқорларды біле тұра, ағайын-туыстары неге саусағын шошайтпайды дерсіз? Ұрлай білу өнерге айналып, әлемдік ғылыми негізде жаңаған. Әкім, шенеуніктердің олжалаған мұлкіне зейнеткер әке-шешелері ортактасып жым болып отыр. Және қариялар о дүниелік болса, жемқордың ұрпағына нотариус арқылы заңдастырылып сыйлайтын құжаттар да дап-дайын. Миллиондал қаржыны жымқырып, шетелге қашып кеткендер де есебін ешкімге жем етпейді. Қоңылдерін көншітетін құжаттары сайма-сай. Ондайлар туған халқына жаңы ашып жатпайды, бауырластары да «Бір жарылған жұмыртқа, тірі өліктер кайда жоқ дейсің» деп іштен күйінеді. Тірлікте жақсылық жолы ауыр, жамандық жолы оңайға түсіп жаттыны қашаннан белгілі. Сонда небір жексүріндықты кейбіреулер тез-ақ қабылдап, өзінің кім екенін ұмытып кететіні, ұяттан безіп шығатыны жақсыны кере алмаудың қызғанышынан ба екен? Өкімдеп, қекірек кеудеге салып тонауды қөріп-бліл, өкініп қана тынасың. Шешімі қындаған түсініксіз жұмбак. Имансызың жетеді.

* * *

Ақтөбелік Жанайдың күйіні ұғымдастырылған діннен аттаған дінбұзар тірі өліктер жайында еді. «Бет-аузының жұн басқан ұсынысыз немелер ажалымен өлгендегі денесі сүйемей, ақ жауып арулатпай, тұн ортасында кабірге сүйрей жөнелетін зұлымдық пайда болды. Ағайын-туыстың өліні жөнелту құрметіне карсы, топ-топ болып келіп сұс көрсетіп, «Сендердің діндерің жөнсіз» деп безеріп, тіпті «Вахабистерміз» деп сүйек каруын жалаңдататындары үрейлендіріп отыр, – деді де, – акпарат құралдарынан жасөспірімдер өзін-өзі өлтіріп жатқанына да осы дінбұзарлардың сиқырлы күші, түрлі ықпалы бар-ау деп құдіктенем. Қазақстанда жасөспірімдердің суицидке ұшырауы әлемде алдыңғы орындардан көрінуі мұсылман дінін білмегендіктен, «Алла өзі берген жанын өзі алады, басқанын бәрі ауыр күнә» деуі дінбұзарлардың бұрмалауынан емес пе екен? Ислам дініндегі тазалыкты зандаңдыру қажет. Шетелден келген бассыздық бұлай бола берсе, басқа шығар түрі бар».

Жырынды дінбұзарларды қалай тірі өлік демейсін? Пенденің біразы кай заманда да жақсы мен жаманды капелімде айыра алмай сорлайды. Адамның осал тұсын зәлімдер тез табады, сосын ондағандарды қайырсыз қайғылы жолға бастап әкетеді. Кейін жер соғып қалғаныңды аңғармассың. Тәуекеліңнен табаның тайып, шүкіршілігінді есінен шығарып, кім көрінгеннің жетегіне желлілдеп кете баrasың. Ондайды казак «Ақылы жоктың аяғына күш түседі» деп баяғыда ескертіп кеткен.

* * *

Өмір осы дейсіздер-ау, десек те, жақсылығың, жамандығың, Алланың құлы болғасын, мұлт кетпейтінін есепте. Екі мың түрлі есуас бар тегін білмейтін, күншілдікпен шыртып, шалқып жүрсек дейтін. Ойы керен бар, ақылы терен бар. Біразымыздың бойымызда жасқаншактық, корқактық бар. О да бір ақыл-ес кемтарлығының есебі. Тірліктің қоленке жагы да жетерлік. Сезімді жаныштап, талтап тастаған үрейден тазарып болмағандар жаңсақ қадамын да аңғаруы киын. Қара жер кайысып түр ауырлықты кетеріп. Кенес үкіметі де кімді жарылқапты? Найзагайдай шатырлаған үстемдік үрейінен сескенбеген кім бар дейсін? Тірі пендеge жазаның да түрі көп, бірсесе түрме, бірсесе аштық, бірсесе жагыңды айырады, бірсесе басыңды жаралды, адалдығымнан кайтпаймын деп кайсарлансаң, бетінді тіледі. Жігі айырылмайтын зұлымдық бірауызды. Тұн үйкесінде торт бөлмей тыныш өмір сүріп көр, кәне? Басты кейіпкеріміз – Өтен мен Мәженнің канды кезеңнен сескенбей, шалқып тірлік еткені аз шығар.

Жарылғыштың сойқандығы

1

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Өтен мен Мәжен сәті түскен қайырлы күннің бірінде медицина ғылымдарының кандидаты атағын корғап, арманға қол жетіп, дегендері орындалғандай еді. Жұрт сияқты жок-жұпның жарлы болса да, тегін білім алып, болашактан үміттері зор болатын-ды. Әркім өзінше тутін түтетіп, тапқанын талшық етіп, барын бағалайды, «Жокка жүйрік жетпейді» деп шыдамдылық танытады. Үлкен жүрек сенімге толы. Шүкір, елде билеп-тәстейтін басшылар бар. Қалың көптің тапқаны қапқанына жетпесе де, атқаратын жұмысы бар. Тірлік кейде әп-сәтте өзгереді, кейде бұрынғыша дамитын сықылды. Қалтарыста қағып түсетін енбектен қашқан дөңбекке тал болып, арамтамак делінетін жаза бар. Оны еріксіз де, ерікті де, өзің біл. Тәртіптің бұрауы катты, тез майыстырады. Жок-жұпнылы жарлы болса да арлы, жамандықтан жиіркене білетін-ди. Әміршінің әмірінен ғөрі бабалардың өнеге, тәртіп-тәрбиесін іште сактап, алған беттен қайтпай мақсатқа жету бар. Кісліктің артықшылығы сол. Қарындары бірде ток, бірде аш болса да, ақылдан азбауды ойлайтын еді. Оны біреулері көкіргіне үйітса, кейбірі бүгінгі әмір ертең жок, арактан өлген кісінің мolasы жок деп рюмкелестерімен уйледпудуілдеп жататын-ды. «Арақ өзінің құтысын да бұлдіреді, байқа, бала!» деген ақылға түсінетін бар, колын бір сілтеп, қолқасына арақ құйылып шашалып арам өлетін бар. Жын көтеріп ажалға бастаса бұлталактамай, екі қолын төбесіне койып қонетін бар. Қандай киындықты да қабырғасы қайысып көтеріп, ақылменен жеңетін бар. Қыр астында коммунизм тұр дегенге етегі елпі, жеңі желлі боп жүрсе де, көз алдауға бұйырып тұрса да сенетін бар. Қедімгі «Айдағаным алты ешкі, ыскырығым жер жарады» дегендей, тірліктің өз бояуы өзінше, бірсесе олай, бірсесе бұлай бұлдынғыр тартып етіп жатады. Терісіне сыймаған басшының түкірігін жерге түсірмей қағып алатын жагымпазы бар. Айтқаның екі етпей орындағып тұратын жылпосы бар. Бұқтыруға шеберлер элсіз тағдырларды тәлкектеп, белден басып кетіп жатады. Елде оспадарлыққа ерні жырылғанша құлетін қүлегеште құлқі бар. Үстемдік иесі айылын жиып, абыржып, «Неге қүлесің, мұның мазақ па?» десе, «Қазақ елер жеріне дейін күліп барады» деген нақылды айтып құтылады. Кең байтак даласында жортып жүрген қырдың қызыл тұлкісі бар. Әмір – кайнап жаткан кара казан. Жаныңды тербейтін саналы ой бар, құз-кияңды аңсататын октап ұшқыр қиял, ақыл-ойға пайымдылық та жетеді. Кейбіреудің канку сөзі етіннен етіп, сүйегінді мыжғылап кетеді. Тағы бірінің әбестік ісі кейде әбігерге салып дүрліктіріп өтеді. Әжуа азап та табылады, өзілден от шығаратын мазақ та табылады. Жақсы әзілмен жаңын семіртетіндер де баршылық. «Қалжының катып тұр, қарны тоқтықтың

белгісі» деп бірін-бірі жұбатып, қоштап қояды. Бақыттымыз дейтін тіл үшінда сөз бар, мінбеде «жасасынды» айтып, ду кол шапалакты күттетін көз бар. Мінбе – күшті, біреуге азап, екіншісіне мазаң. Қол сокласаң дайын тұрады жазаң. Кезең көз алартуга толы әрі тараң. Басыңдан құдық қазады іштеген шықкан шұбар жылан. Жұрттың тірі жүргенін көпсінетіндер де бар. Ондайдың көздейтіні өзінің басы аман, жағдайының жақсы болуыға.

– Аманғали деген милиция әлсіздердің екі аяғын бір етікке тығуды жатыптарларының көкірегіне құйып, миына сініріп үрретті. Кесапатты жылан көзі жердің астындағыны да тінтіп тауып, кінәлісің деп әлсіздің колына салып кісен-құлыпты, желкелеп айдал, қараңғы үйге зытырып жатты. Апта сайын үй-үйді аралап, тіміскі тінтуден шаршамады, жатыптары жаулық ойлы деп атын атайды, түсін түстейді, койша көгендең береді. «Ылғи да үкімет заңына әділ болындар, жаулық пікір ойлағандардың орны тұrmеде деп кінәлі айыпталады. Пайдалуға жол жок, үкіметтің бұрауын ұрласан, сottалып кетесің, қалтамда мөр бар, колымда мылтық, туғанымды да ая-маймын» деп Аманғали үрейді кабыннатады. Қылмыстық жазба қағазын қалыннатады. «Пешенене жазылған тұрме гой» деп камырық қайғыны құйыннатады. Жатыптарларының өсектерін жиып жатады. Қатып-семіп қалған қарасұр өнінен кесірлі ызығар шашады, – дей келіп Өтен тар шенбердегі ел тірлігін көріп өскенін еске алады. – Білгің келе ме әкелеріміздің көрген құқайын? – деп тағы толғанады. – «Ауыл айтқышы Аманғалимен амандасып тұрып, жамаусыз киім кимеген, тойынып ас ішпеген, құндіз-тұні когам жұмысын адал ниетімен істеген, елден асқан ақылымен бес-алты бала өсірген ағаларына жаңың ашыпты. Расында тұрмeden тойынып, киімін бүтіндейді. Кесеміміз Ленин де тұрмені көріпті, бізге де керек саяси біліктік, сонын бәрін түсініп, бас көтергендерді айдатып жібергенін жөн деп үғып, шен-шекпеніңің кадірін біліп, тілегінді тілеп, нансаң, карадай жүдеп жүрміз. Жақсылығың қашан бізге ауысады, тұрмегілерге қашан барып қауышам деп кескінсіз жүзіне карап көнілім алаң. Мінезім жаман, құшім-құшім десен, құшік те аузынды жалайды деп өзінді көрсем, зансыз оймен еркелеп қалам. Байтак далаға тұтқа болуға жетер ме екен шамаң?» дейтін Айdosка ешбір дүлейдің «тісі» батпайды. Елде өлім көп, олардың қабірін казып жерлейтін – Айдос. Бойы екі метр, жауырыны какпактай батыр тұлғалының соңғы тұғыры іспеттес. Зор дауыспен Аманғалиға «Мен тұрмeden корықпасам да, тұрме менен корқар. Әлсін-әлсін ас ішем, құніне төрт таба нан жеймін, мендей мешкейді тұрме тойындыра алмасын байкар, мұнданай алып адамға киянат жасауга болмас деп шен-шекпендерділер басын шайкар» деп бойы колтығына да жетпейтін милицияны табанында таптайтындаі құшін байкатаңы. Көкірегінде өз-өзімеке алмай, саясат дауылын жеңе алмай дүниеден өтермін деген ой тұрады. Алыптардың соны деуінің де сыры тереңде еді. Ойыл өніріндегі тау-тау обаларда тарих құпиясын бауырына басқан талай батырлар жатыр. Әркім күгін-сүргіннен жаңын сактап

калуы үшін есқі өмірді еске ала бермейді. Әңгіленген есерге кетіп жаткан кекті, салт-сана, өнегені кім түгендесін? Зор азап, миды шатастырған, әрі-сәрі пифыл қалыптастырған-ды. Сондықтан тарихтан сөз толғау елес-сағым еді. (Өтен де, бүтінгілер де «Ойыл ауданының Кұмсай өнірінен табылған археологиялық жәдігерлер 4290 жыл бұрынғы тас дәуірінен басталатының анықтадық» деген тарих ғылымдарының кандидаты Талғат Мамыровтың зерттеу дерегіне сүйенді). Түймесін іздең, түйесін жоғалтқандай кеңестік кезеңдегі өкініштің шындығы шықты. Тарихы жоқ халық деп мазактауды да көріп едік, тіл, діл, діннен айырылып, қорланып өмір сүріп едік. Өткені күмән, болашағы тұман халық деушіге қай денгейде тұрмыз, қай денгейде құримыз деп іштей иманымызды үйіруші едік. Зорлық деңдер түңілдірсе, тарығып, зарығып, кез келгенге құлдық ұрып қорлансақ та, іштей иманымызды жоғалтпадық. Майданда жүрген жарын жоқтайтын аналар «Қозы Қөрпеш – Баяндай бір молада өлсек-ай» деп күніренетін-ди. Мына Талғаттың дерегінде «Біздің ғасырымыздан бұрынғы V-IV ғасырдағы жауынгерлердің қару-жарактары, олардың ішінде әйелдердің де денесі бар екен. Таңғаларлығы – бір молада ері мен әйелі қол ұстасып о дүниелік болыпты. Миңе, ел аузындағы «Бір молада өлсек-ай» деген махаббаттың құдіретінің тарихи шындығы шықты. Әрбір қорғанда он жеті туыс-туғаны жерленсе, олардың кейбірінің дene тұрқы екі метрден астам болған. Бұл да аңызда естіген «Ерте, ерте, ертеде бәйтеректей бойы бар адамдар болыпты, олар теңізді кешіп жүреді екен» дегенінің шындығы емес пе? Кеңестің кер саясаты тарихсыз ұлт кып көрсеткенінен не тапты? Тарихсыз ұлт бола ма? «Надан, есалаң немелер, ұлтқа тиіспесендер болмай ма?» деп әкелеріміз үреймен дүниеден өтті. Миға қойылған үрей бомбасының қуаты атом бомбасынан кем болған жоқ. Елді есендірткен зәлімдер ұрпак қалдырды, сол өкінішті. Қасқыр ауыз, тұлға құйрықтылар бұлқынса бұғып жетітін, жұлқынса жұлып жетітін, орынтағында босаңдық танытпай, әлсіздің ырыздығын мандаіынан ұрып жетіндер бірін-бірі баулып, ұрпағына не тұрлі зұлымдығын үйретіп өткен қоғам тірлігінен бүтінгіге желдей жортып жетті. «Сыбайлас жемқорлар қай заманда да ізін білдіргісі келмейтін елті. Міда байлық, акша мәселесі, түсінгісі келмейді одан басқа кепті» деген сықылды қоғамдағы аңы шындықты айта бастайтын елде жүрек жұтқандар да болған-ды. Ондайда жан-жағын көзімен шолып Аманғали жөніне кете береді екен. Айтқыш іштей «Осындай сатқындардан жауыз ұрпак дүниеге келсе, байлығынды үтпеп, жанынды кепілге алар жалмауыздан халық құтылmas, мұндай зиянкестер онайлықпен жерге де жұтылmas» деп күбірлейді екен.

Саясаттың да бағытын, ненің дұрыс, ненің бұрыстығына ешкім баға бере алмайтынына кімді кінәларсың, ненің ақырын ангарасың, жастық албырт пифылмен түсінбегені де белгілі. Мәжен сөзге сараң болса да, балалық кезіндегі тентектігін теріс түсініп, өзіне неліктен деген сұрақ коя алмаса да, есіндегі дәптерге жазылғандай бір оқиғаны суыртпактады:

– Ескі жүрттағы құлап қалған үйдің куыс-куысын тінтіп құстың жұмырткасын іздел жүргенде сүйектен істелген, сыртын киізбен ораған қобдиша тауып алдым. Іші толған патша үкіметінің ақшасы, алтын, күміс сырға, білезік, сакина. Соны үйге әкелдім. А нам «Жандаудың шешесі – абысыным» дейтін-ді. Екеуі көріп қызықтады. Сосын сақинаны колына салып, білезікті тағып еді, Жандаудың шешесі «Иесіне кайыры болмаған дүниені таста!» деп зілденіп ақыл айткан болды. Оны тыңдамады. Кейін мен үйленгенде құдағиларына сыйлады. Сол жылы Жандаудың әкесі тамағы ісіп жүріп қайтыс болды. Ауылда дәрігер жок, «баспа» деп күміспен бастырды, асқынған дерт алып ұрды. Сонда онжылдықты бітірген маган «Жол сапарын он болсын» деп Жандаудың анасы дәрігерлік окуға бар деп еді. Өзім де осы мамандықты теріс көрmedім. Әкемнің жасында ат тепкеннен аяғының сынып ақсайтыны бар, соны өзіне қатты мін көретін еді. Дәрігер боламын деген ойымды жылы қабылдады. Құлтады. Тұрмысымыз жаман болған жок, – деп Мәжен әкесінің учаскелік милиция болғанын айтпайды. Саясаттың кара дауылында кінәсізді күйдіріп қарғыс алды ма, онысы өзіне аян. Пікірі ішінде. Өмірім адалдыққа құрылды деп айта алмайтын шығар. Дәуірі жүріп тұрған үрейлі кезеңнің пенделік касиеттен айырган тұсында ақылды қариялар «Қиянаткерлер де кезегі келгенде өледі, жер көтереді, бәрі ұмытылады. Кеңес үкіметінің төрт құбыласы тегіс болғанша бір іс болар, түрлі-түрлі құш болар, еңбек еш, тірлігің кеш болар» деп қөздеріне іркілген жасты саусағымен іліп тастайтынын көрдік.

Өтен мен Мәжен екеуі кейде өткенге осылай ой жібереді. Бірақ алдағының жобасын анықтап, өткенді айқындалп қорыта алмайды. Қоғамды зерттеп бас катырып қайтеді?.. Тандаған мамандығы да бөлек. Өмірдің кайнаған ортасында ғылым қызығына құмартып, адам анатомиясын қаңқаларынан бастап миға сыйғызып, түрлі ауруларды танып білетін-ді. Жұмыр жердің біраз халқын қырып кеткен испан тұмауының пайда болуы ғылымның алдын ала болжай алмауынан ба? Эрине, медицинадағы сәтсіздік. Микробтың не-ден өсіп-өнгеніне көз жеткізе алмагандық. Фалымдардың міндеті белгісізді белгілі етуге, тек қана жаңалық ашуға, ғылымның тар шеңберінен шығып биіктікті барлауга құштарлыққа не жетсін?.. Бұл идея екі фалымның, Мәжен мен Өтеннің ғана емес, ғылымның жұмбак әлеміне келген әрбір жастың ойы-тын. Ерекше ұғым ұнамды, керемет ынтыққа бастайды. Өлсіздік, амалсыздық таныткысы жок. Әнтек кателессе, кемшілігін өзі мойындайды.

Шабыт шалқығанда көнілде мактан да пайда болады. Осындай сәтті мезгілде баспанасы – жатакхана, бір есікten кіріп, бір есікten шығып, бір казаннан ас ішіп жүрген жас фалымдар ғылымға керегін сала-сала бойынша тынбай ізденеді. Соған лайыкты тәжірибе жасап, көз жеткізу әбігері бірде жүрекке конымды ойдан шығады, бірде аққұла еңбекке айналып тынады. Бірақ түрлі әрекет, түрлі машақттың өзі қызық еді. Мөлшерлі бағыт бар. Сенімді ұстаз бар.

Кейде Мәжен мен Өтен саябакта отырып сыр шертісетін-ді. Қалталарындағы қаржыға бүгін тойынса, ертеңін ойлай бермейтін-ді. Ондайда Өтен «Құліп жүрсек қарын тояды» дейтін еді. Ел аузындағы аныздарды суыртпактайтын. Өткенді ойга алмай, жаңаны түсініп тәубаға келу киын екенін біледі.

– Ешкімге іштартпайтын сыңаржак өзімшіл, үстемдігін жамандыққа құрган патша қай заманда болмады дейсің? Жақсылық пен жамандықтың бітіспес курсесі адамзат өмір сүргелі жалғасып келеді. Халықтың тапқырлығы, байқағыштығы үстемдіктің ығына жығыла бермейді. Небір сорапқылықтың, зұлымдықтың, ашкөз өзімшілдіктің бет-бейнесін мысылыдаган Алдар да, Қожанасыр да халықтың ортасынан жарып шықты. Қаншағасырлар өтсе де өлмейтін сөз калдырыды. Ұлттық мұрамызды баянды етті. «Байлығымнан сүріндірсөн де, тілімнен сүріндірме» деген ұлағатты ойды мұра етті. Оған дәлел жетерлік. Баяғыда бір патша Қожанасырдан сұрапты, – деді Өтен толқын бүйра шашын салалы саусағымен сипап ойын жалғап, – «сіз кімді жақсы көресіз?» Сонда Қожанасыр «Тамағымды тойдырған кісіні жақсы көрем» депті. Патша «Олай болса, ертең сіздің тамағыңызды тойдырайын» деген. Сонда Қожанасыр «Ендеше, мен де ертенге дейін сізді ұнатпай-ақ тұрайын» депті. Сол айтқандай, таланттыңды бағалаймын, кіслілігінді кейін айтармын. Әзірше студентпіз, мінез-құлқымыз танылып болған жок. «Кемедегінің жаны бір» дегендегі күдеміз. Ал өмір талайды үйретеді, кейбірінің кабырғасын күйретеді. Тақтайдай тегіс жол жүру киын да болар. Сондықтан ойымыз ортак, түсінігіміз ұқсас дегенге накты жауап айта алмаймын. Тірлік жолы жып-жылтыр мұз, аңсызда құласаң, тұруың киын, құлаганды сұқаны сүймейтіндер не түрлі сұңғыла күлгін салар. Майыспайтын болат та морт сынар, айрылмастай досын да көленке боп тынар.

– Жолдастық мінезім жаныңа жақпай ма? – дейді Мәжен.

– Мен мидың құпия қызметін болжай алмаймын. Біздің ғылымдағы бағытымыз – денедегі кательлі ісік, бауырдағы құрт. Кейде ойлаймын кейбір дерт түрлері мидағы тамырлардың қызметінің әлсіреуінен-ау деп. Ауылдағы алғыр ойлы ағаларымыз, экелеріміз бас пайдасын білмейтін ми-сыз емес. Ақылды түсінбейтін теріс ойлы жұғымсызды тегінен іздеуі де дала ғылымының аса маңыздылығын көрсетеді. Жастарды үйлендіргенде де ататегіне немқұрайлы караңайды. Ангара білмеген өкінеді, тектік ғылым құпиясы деген сол. Кейбіреудің мінез-құлқына қанығып алғандар «Тұңғыық, кара терең пікірлінің не ойлайтынын түсініп болмассын, ми куашағында ақыл бар ма, жок па, пасық па, сасық па?» деп түсін сұтып, мін тағып та жатады. Ал басымыздан сез асырмайтын бойымызда надандық та бар. Тым аянышты, ә? – деді де ауылдағы оқиғаларды суыртпактады. – Кеңшар директоры Кәжектің туыстығы бар еді. Содан бір күн үйіне барсам, сексенге келген әке-шешесі ас дайындастын босағадағы бөлмеде